



Ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілерді тіркеу туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 15 мамыр N 108

1975 жылғы 14 қаңтарда Нью-Йоркте қол қойылған Ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілерді тіркеу туралы конвенцияға Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Ғарыш кеңістігіне жіберілетін объектілерді тіркеу
туралы Конвенция

Осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттер,

ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта зерттеуді және пайдалануды дамытуда барлық адамзаттың жалпы мүдделілігін тани отырып,

1967 жылғы 27 қаңтардағы Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттер қызметінің принциптері туралы Шартта, ғарыш кеңістігіндегі өзінің ұлттық қызметі үшін мемлекеттер жауапкершілікте болады деп белгіленгенін және ғарыш кеңістігіне жіберілген объекті тіркелімге енгізілген мемлекет туралы айтылғанын еске сала
о т ы р ы п ,

сондай-ақ 1968 жылғы 22 сәуірдегі Ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлердің қайтып келуі және ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілердің қайтып келуі туралы Келісімде, ұшыруды жүзеге асырған өкіметтердің аумағынан тыс жерден табылған олардың ғарыш кеңістігіне жіберген объектісі қайтып келгенге дейін ұшыруды жүзеге асырған өкіметтердің талап ету бойынша танып-білу деректерін беруге тиіс екені көзделгенін еске сала отырып,

1972 жылғы 29 наурыздағы Ғарыш объектілері келтірген залал үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенция ұшырушы мемлекеттердің жауапкершілігіне қатысты олардың ғарыш объектілерінің келтірілген залалы үшін халықаралық нормалар мен рәсімдерді белгілейтінін одан әрі еске сала отырып,

Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттер қызметінің принциптері туралы Шарт тұрғысында ұшырушы мемлекеттердің олардың ғарыш кеңістігіне жіберген ғарыш объектілерінің ұлттық тіркелімін көздеуге тілек білдіре отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы жүргізетін болатын, ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілердің міндетті негізде орталықтандырылған тізілімін құруға одан әрі тілек білдіре отырып, сондай-ақ ғарыш объектілерін бірдейлендіруге жәрдемдесе алатын

қатысушы мемлекеттердің қосымша қаражаты мен рәсімдерін қамтамасыз етуге тілек білдіре отырып,

ғарыш кеңістігінде жіберілетін объектілерді тіркеудің міндетті жүйесі, атап айтқанда, оларды бірдейлендіруге мүмкіндік береді және ғарыш кеңістігін зерттеуді және пайдалануды реттейтін халықаралық құқықтың қолданылуы мен дамуына жәрдемдеседі деп санай отырып, мына төмендегілер жайында келісті:

I бап

Осы Конвенцияның мақсаты үшін:

- a) "ұшырушы мемлекет" термині:
 - i) ғарыш объектісін жіберуді жүзеге асыратын немесе ұйымдастыратын мемлекетті;
 - ii) аумағынан немесе қондырғысынан ғарыш объектісін жіберу жүзеге асырылатын мемлекетті білдіреді.

b) "ғарыш объектісі" терминіне ғарыш объектісінің құрамдас бөліктері, сондай-ақ оны әкелу жабдықтары мен оның бөліктері кіреді;

c) "тіркеуші мемлекет" термині II бапқа сәйкес ғарыш объектісі тізілімге енгізілген ұшырушы мемлекетті білдіреді.

1. Ғарыш объектісі Жер төңірегіндегі орбитаға немесе одан әрі ғарыш кеңістігіне жіберілген кезде ұшырушы мемлекет осы ғарыш объектісін өзі жүргізетін тиісті тізілімге жазу жолымен тіркейді. Әрбір ұшырушы мемлекет осындай тізілімді белгілеу туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлайды.

2. Осындай кез келген ғарыш объектісіне қатысты екі немесе одан да көп ұшырушы мемлекет болған кезде, осы баптың 1-тармағына сәйкес осы объектіні олардың қайсысы тіркейтінін өздері бірлесіп айқындайды, бұл ретте айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттердің қызметінің принциптері туралы Шарттың VIII бабының ережелері ескеріледі және ғарыш объектісіне және оның кез келген экипажына заңды құқығы мен бақылау жасауы туралы мәселесі бойынша ұшырушы мемлекеттер арасындағы жасалған немесе жасалуы мүмкін тиісті келісімдерге залал

келтірілмейді.

3. Әрбір тізілімнің мазмұны мен оны жүргізу шарттарын тиісті тіркеуші мемлекет айқындайды.

III бап

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы IV бапқа сәйкес табыс етілетін ақпарат енгізілетін Тізілімді жүргізеді.

2. Осы Тізілімдегі ақпаратқа толық және ашық түрде қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

IV бап

1. Әрбір тіркеуші мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына практикалық жүзеге асырылатын таяу мерзімде өзінің тізіліміне енгізілген әрбір ғарыш объектісі туралы мынадай ақпаратты табыс етеді:

- a) ұшыратын мемлекеттің немесе ұшыратын мемлекеттердің атауы;
- b) ғарыш объектісінің тиісті белгіленуі немесе оны тіркелген нөмірі;
- c) ұшырылудың күні мен аумағы немесе орны;
- d) мыналарды қоса алғанда, орбитаның негізгі параметрлері:
 - i) айналу кезеңі;
 - ii) көлбей қозғалуы;
 - iii) апогейі;

iv) перигейі.

е) ғарыш объектісінің жалпы мақсаты.

2. Әрбір тіркеуші мемлекет өзінің тізіліммен енгізілген ғарыш объектісіне қатысты қосымша ақпаратты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына оқтын-оқтын бере а л а д ы .

3. Әрбір тіркеуші мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын барынша мүмкін болған дәрежеде және практикалық жүзеге асырылатын таяу мерзімде салыстырмалы түрде өзі бұрын ақпарат берген және бұған дейін Жер төңірегіндегі орбитаға шығарылған ғарыш объектілерінің, енді бұл орбитада жоқтығы туралы х а б а р д а р е т е д і .

V б а п

Жер төңірегіндегі орбитаға немесе одан әрі ғарыш кеңістігіне жіберілетін ғарыш объектісіне IV баптың 1 (b) тармағында айтылған белгілеу немесе тіркелген нөмірі немесе ол екеуі де, қондырылған кезде тіркеуші мемлекет, IV бапқа сәйкес ғарыш объектісі туралы ақпарат беру кезінде бұл оқиға туралы Бас хатшыны хабардар етеді. Бұл жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы хабарламаны Тізілімге е н г і з е д і .

V I б а п

Егер осы Конвенцияның ережелерін қолдану қатысушы мемлекетке оған немесе оның кез келген жеке немесе заңды тұлғасына залал келтірген немесе қауіпті не зиян тигізуі мүмкін сипаты болған ғарыш объектісін тануға мүмкіндік бермесе, басқа қатысушы мемлекеттер, атап айтқанда, ғарыш объектілерін және оған ілеспе бақылау құралдары бар мемлекеттерді қоса, әділ де орынды шарттарда көрсетілетін, объектіні бірдейлендіруге көмек беру туралы осы қатысушы мемлекеттен келіп түсетін немесе оның атынан Бас хатшы арқылы табыс етілген өтінішке барынша мүмкін болған дәрежеде жауап береді. Мұндай өтініш жасап отырған қатысушы мемлекет осы өтінішке негіз болған оқиғалардың уақыты, сипаты мен жағдайлары туралы барынша мүмкін болған дәрежеде ақпарат береді. Мұндай көмек көрсету шарты мүдделі тараптардың арасындағы келісімнің заты болып табылады.

V I I б а п

1. Осы Конвенцияда, VIII-XII баптарды қоспағанда, мемлекеттерге сілтеме жасау,

егер бұл ұйым осы Конвенцияда көзделген құқықтар мен міндеттерді өз мойнына аламын деп мәлімдесе және егер бұл ұйымға мүше мемлекеттердің көпшілігі осы Конвенцияға және Айды және басқа аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттер қызметінің принциптері туралы шартқа қатысушы мемлекеттер болып табылса, ол сондай-ақ ғарыш қызметін жүзеге асыратын кез келген халықаралық үкіметаралық ұйымға қатысты деп қарастырылады.

2. Осы Конвенцияға қатысушы болып табылатын мұндай кез келген ұйымға мүше мемлекеттер бұл ұйым осы баптың 1-тармағына сәйкес мәлімдеме жасауын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолданады.

V I I I б а п

1. Осы Конвенция барлық мемлекеттердің Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі Орталық мекемелерінде қол қоюы үшін ашық, Осы Конвенцияға қол қоймаған кез келген мемлекет осы баптың 3-тармағына сәйкес ол күшіне енгенге дейін оған кез келген уақытта қосыла алады.

2. Осы Конвенция оған қол қойған мемлекеттердің бекітуіне жатады. Бекіту грамоталары мен оған қосылу туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына өткізілуге тиіс.

3. Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына бесінші бекіту грамотасы сақтауға өткізілгеннен кейін бекіту грамоталарын сақтауға тапсырған мемлекеттер арасында күшіне енеді.

4. Бекіту грамоталары немесе оған қосылу туралы құжаттары осы Конвенция күшіне енгеннен кейін сақтауға тапсырылатын мемлекеттер үшін, ол олар бекіту грамоталарын немесе оған қосылу туралы құжаттарын сақтауға тапсырған күннен күшіне енеді.

5. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы әрбір бекіту грамоталарына және оған қосылу туралы құжатқа әрбір қол қоюдың күні туралы, сақтауға өткізудің күні туралы осы Конвенцияның күшіне ену күні туралы, сондай-ақ басқа да хабарламалар туралы барлық қол қойған және қосылған мемлекеттерді дереу хабардар етеді.

I X б а п

Осы Конвенцияға қатысушы кез келген мемлекет Конвенцияға түзетулер ұсына алады. Түзетулер, оларды Конвенцияға қатысушы көпшілік мемлекеттер қабылдағаннан кейін, ол кейіннен осы түзетулерді қабылдаған Конвенцияға қатысушы қалған әрбір мемлекет үшін олар осы түзетулерді қабылдаған күннен күшіне енеді.

X б а п

Осы Конвенция күшіне енген соң он жылдан кейін оны қайта қарау мәселесі, Конвенцияны қолданудың тәжірибесі негізінде оны өзгертудің қажеттігі бар ма деген мәселені қарау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының алдын ала күн тәртібіне енгізілетін болады. Алайда, Конвенция күшіне енген соң бес жылдан кейін кез келген уақытта Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің үштен бірінің өтініші бойынша және қатысушы мемлекеттердің көпшілігінің келісімімен осы Конвенцияны қайта қарау мақсатында қатысушы мемлекеттердің конференциясы шақырылады. Мұндай қайта қарау кезінде, атап айтқанда, ғарыш объектілерін бірдейлендіруге қатысты жетістіктерді қоса алғанда, кез келген тиісті техникалық жетістіктер ескерілетін болады.

Х I б а п

Конвенцияға қатысушы кез келген мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын жазбаша түрде хабарлар ету жолымен Конвенция күшіне енгеннен кейін бір жылдан соң өзінің одан шығуы туралы хабарлай алады. Мұндай шығу осы хабарлау алынған күннен бастап бір жыл өткен соң күшіне кіреді.

Х I I б а п

Осы Конвенцияның түпнұсқа мәтіні, ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндері түпнұсқамен бірдей болып табылады, олар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға өткізіледі, ол Конвенцияға қол қойған немесе оған қосылған барлық мемлекеттерге куәландырылған көшірмені жолдайды.

Өздерінің тиісті үкіметтерімен осыған тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осыны куәландыру үшін, бір мың тоғыз жүз жетпіс бесінші жылғы он төртінші қаңтарда Нью-Йоркте қол қою үшін ашық осы Конвенцияға қол қойды.

Ұлттық Аэроғарыш Агенттік Бас

директорының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК